

Мухамединова К.А.

ҚЫТАЙ ХАЛЫҚ РЕСПУБЛИКАСЫНДА ҚАЗАҚ ДИАСПОРАСЫ ШОҒЫРЛАНУЫНЫҢ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК, ТАРИХИ НЕГІЗДЕРІ

Мухамединова К.А.

СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ И ИСТОРИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ КОНЦЕНТРАЦИИ КАЗАХСКОЙ ДИАСПОРЫ В КИТАЙСКОЙ НАРОДНОЙ РЕСПУБЛИКЕ

Ұлттық тәрбие тарихы бойынша отандық тәжірибелерді жинақтап қорытудың маңызы айырықша. Өйткені қазақ халқының сан ғасырлар бойы жинақтаған ұлттық тәрбие мұрасы мен кеңестік дәуірде қалыптасқан және қазіргі ғылыми педагогикалық қуатты пайдалана білуіміз керек. Бұлардың бәрі біздің тарихи мұраларымыз. Бірақ күні бүгінге дейін қазақ тәлім-тәрбиесінің тарихы, негізінен, қазіргі Қазақстан Республикасының шеңберінде ғана қарастырылып, шет елдердегі қазақтардың тәлім-тәрбиесі назардан тыс қалып келе жатқаны байқалады.

Ресей өкіметінің Қытаймен шекара бөлісі, Ресей мемлекетіндегі төңкерістер мен азамат соғысы, ашаршылық және Кеңес өкіметі кезіндегі ұжымдастыру науқаны мен саяси қуғын-сүргіндер қазақ халқының елеулі бөлігін шет (Қытай, Монғолия, Ауғанстан, Иран, Түркия т.б.) елдерге қоныс аударуға мәжбүр етті. Солардың салдарынан шет елдерде қазақ диаспоралары шоғырланып, онда қазақ мектептері (әсіресе, Қытай мен Монғолияда) пайда болып, бүгінге дейін жұмыс істеп келеді. Кеңестер Одағы ыдырағаннан кейін Ресейдегі (әсіресе, Орынбор, Омбы, Орал, Алтай өңірлерінде) және кейбір ТМД елдеріндегі (Өзбекстанда және т.б.) қазақтар да диаспоралық және ирредентік күйге түсті. Ол елдердегі қазақтың ұлттық мектептері мен тәлім-тәрбие үрдістері зерттеу нысандарына ілінбей келеді.

Жалпы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің туып, дамуына, жетіліп қалыптасуына ықпал еткен тарихи, қоғамдық, рухани құбылыстар бүгіндері әлемнің әр жерінде өзіндік ұлттық қасиетін: тілі мен дінін, әдет-салтын, ғұрып-дәстүрін, тарихын, әдебиеті мен мәдениетін жоғалтпай сақтап қалу шараларын шетелдердегі қазақ диаспоралары үздіксіз жүргізіп келеді. Сондықтан сан ғасырға созылған аумалы, көшпелі өмір халық өнерінің, тілі мен мәдениетінің, діні мен әдет-салтының бір тұтас сақталуына көп нұқсан келтіре алмады. Шетелдік қазақтардың мәдени мұралары өзінің түпкі Отаны Қазақстандағы жалпы қазақ халқының, оның бүкіл рухани, мәдени дамуының бір құрамдас бөлігі ретінде қалыптасып келеді. Шетелдердегі қазақ диаспоралары мүмкіндігінше Қазақстанмен байланысын үзбеу әрекетін жасап келеді.

Мәселеге қатысты шет елдік және отандық қазақ зерттеушілерінің біраз еңбектері бар. /1, 2, 3/

Әрине, халықтың белгілі бір бөлігінің шет елдерге көшіп кетуі немесе олардың өз Отанына оралуы, сондай-ақ шет елдердегі өзге халық өкілдерінің жергілікті халық арасына көшіп келуі, т.б. сол сияқты миграциялық құбылыстар адамзат қоғамы тарихында ертеден бері көрініс беріп келеді. Осы орайда осындай көші-қон үрдістеріне байланысты кейбір қалыптасқан ұғымдар мен шет елдерде қазақ диаспораларының пайда болу ерекшеліктеріне көңіл аударайық.

«Диаспора» деген «шашырау, бытырау» деген мағынаны білдіретін грек сөзі. Яғни халықтың бір бөлігінің өз елінен шет жерге кетіп, өзге ортадағы азшылық жағдайда өмір сүріп жатқан тобын білдіреді. Олар көбінесе саяси, экономикалық т.б. қысымшылықтар салдарынан еріксіз көшуге мәжбүр болады. Бірақ олар өз тілін, әдет-ғұрпын жоғалтпау үшін бір ауданға шоғырлана қоныстанады.

Қазіргі заманда диаспора мәдени, этноэкономикалық, этноәлеуметтік, этносаяси қауымдастықты білдіреді. Ол ана тілін, әдебиетін, мәдениетін, өнерін, дінін насихаттау, олардың дамуына жағдай жасап, ұлттық сананы, ұлттық ерекшелікті сақтау т.б. мәселелерге назар аударады. Экономикалық, әлеуметтік, саяси үрдістердің астарында да ұлттық мүдденің жататыны белгілі. Өмір сүру деңгейінің төмендеуі, өндірістің құлдырауы, жұмыссыздықтың өсуі, туудың азайып, өлімнің өсуі, қоршаған ортаның нашарлауы ұлттар хал-ахуалына әсер етіп, ұлтаралық шиеленістер мен жанжалдарға соқтыруы ықтимал.

Ұлттық-мәдени ассоциациялар арқылы диаспора мемлекеттік және жергілікті өзін-өзі басқару органдарын өз көкейкесті мәселелеріне назар аудартады. Диаспоралар ұлттық-мәдени, саяси, әлеуметтік мүдделерін қорғау үшін жергілікті және мемлекеттік органдарға өз депутаттарын сайлауға, ғылыми, мәдени мекемелер мен ұйымдардың жұмысына белсенді араласуға құқылы. Диаспора бұқаралық ақпарат құралдарын құрып, ана тілінде ақпарат алып, оны таратуға, тарихи отанымен қарым-қатынасты дамытуға, қалаған дініне уағыздауға мүмкіншілік алады.

Қазіргі саясаттанушылар диаспора түзуші көшіп-қонуды үш түрге бөледі:

1) классикалық түр – кіріс және шығыс пропорцияларын сақтау мақсатында жүргізіледі;

2) кикілжіндік «конфликтілік» түр – саяси және экономикалық қысым жасау мақсатында жүргізіледі;

3) жүйелілік түр – жағдайлардың көп себепті ушығуына байланысты жүргізіледі. /1/

Қазақ диаспораларының пайда болуы, негізінен, соңғы түрге жатқызылады. Ол саяси және экономикалық қысым, түрлі тарихи жағдайлардың көп себепті ушығуына байланысты себептер салдарынан пайда болған. Көші-қонның ұзақтығы, бағытына байланысты қазақ диаспорасы Қытай, Ресей, Орта Азия, Ауғанстан, Иран және бүкіл әлемге таралу сипатымен ерекшеленеді.

Қазақ диаспораларының және бір ерекшелігі – олардың жалғыз Отаны бар, ол – Қазақстан. Діни ұстаным жағынан бәрі – мұсылман. Ана тілі – қазақ тілі. Қазақ диаспоралары өздері мекендеген мәдени ортада біртұтас этностық қасиетін, тілі мен дінін, салт-дәстүр, әдет-ғұрыптарын сақтап келеді.

Г.Меңдіқұлованың көрсетуі бойынша, қазақ диаспорасының түзілуі бірнеше ғасырлар бойы әртіпті, әртектілігімен ерекшеленеді. Және оның саяси, діни, экономикалық себептері бар. /1/

Саяси себептерге ХҮІІ–ХҮІІІ ғасырлардағы жоңғар басқыншылығына, ХҮІІІ–ХІХ ғасырлардағы Ресей отаршылдығына қарсы жүргізген күрестері мен 1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, Кеңес өкіметінің орнауы мен азаматтық соғыс, ұжымдастыру жылдарындағы саяси геноцидке қарсылық, Қытай және Шығыс Түркістандағы қытай коммунистеріне қарсылық күрестері, Екінші дүниежүзілік соғыс кезіндегі оқиғалар жатады.

Экономикалық себептерге Қазақстанның Ресейге қосылғаннан кейінгі өзінің дәстүрлі көшпелілік жүйесінің бұзылуы, кеңес дәуіріндегі ұжымдастыру саясатының салдарлары, патшалық Ресей дәуірінде Қазақстанға жүргізілген Столыпіннің аграрлық саясатының салдары, 1960–1990 жылдары Батыс Еуропа мен Америкада жүргізілген еңбек иммиграциясы, кеңес өкіметінің ыдырауы кезіндегі Қазақстан экономикасының тұрақсыздануы, т.б. жатады.

Діни себептерге патшалық және кеңестік дәуірде Меккеге қажылық және басқа сапарларға шығу жөніндегі туындаған қиындықтар, кеңес өкіметінің дінге тыйым салуы салдарынан діндар қазақтардың мұсылман елдеріне кетіп, сонда қалып қоюға мәжбүр болуы жатады.

Зерттеушілердің пайымдауынша, 4,5 миллион қандасмыз, яғни қазақтардың 35%-ы қырықтан аса шет елдерде тұрады екен. Бірақ олардың 800 мыңы, яғни 18%-ы ғана «диаспора» яғни «өзге елдің жеріне көшіп, тұратын және өздері шыққан елмен рухани және материалдық байланысын үзбеген этникалық аз топтар» ұғымына сәйкес келеді. /1/

1992 жылы өткен I Дүниежүзілік қазақтар құрылтайында анықталғандай, шет елдердегі қазақтардың 3,7 миллионы кезіндегі отарлық саясаттың салдарынан Ресей, Өзбекстан және Қытай мемлекеттерінің құрамында қалған өз атамекендерінде тұрып жатыр. Бұлардың қатарында Қазақстанмен шекаралас Ресейдің Астрахань, Орынбор, Қорған (Курганская), Омбы (Омск), Таулы-Алтай Автономия облыстарын, Өзбекстанның Сырдария, Шыршық, Қызылқұм, Мырзашөл аудандарын, Қытай Халық Республикасының Шыңжаң Ұйғыр Автономия Республикасындағы Алтай, Тарбағатай, Іле, Құлжа, Еренқабырға, Баркөл-Құмыл аудандарын атауға болады. Сондықтан зерттеушілер осы аталған өлкелерді мекендеуші қазақтардың «ирригенттер» деп аталуы тиістігіне назар аударып келеді. /1/

Қазіргі шетелдік саяси ғылым тілінде «ирригенттер» немесе «қосыла алмай қалған ұлттар» термині өз отандастары басымдық танытатын шекаралақ аймақтарда аралас тұратын аз этникалық топтарды білдіреді. Өз отаны емес, өзге елдің жеріне көшуге мәжбүр болған диаспоралардан ирригенттердің айырмасы – олар соғыс, аннексия, шекаралық аймақтар дауы немесе отарлау нәтижесінде тарихи Отанынан өзі ежелден мекендейтін жердің бір бөлігімен қоса ажыратылуы болады. Мұндай халықтар өздерінің ұлттық дербестігін мемлекеттік тәуелсіздік формасында белгілеу құқығы бар топтарға жатады. Сондықтан этносаясатта бұларға ерекше назар аударылады.

Қазақстандық зерттеушілер ХҮІ–ХІХ ғасырлардағы Қазақстан мен Қытай, Қазақстан мен Жоңғария, Жоңғария мен Цинь Империясы араларындағы қатынастар негізінде шет елдердегі қазақ диаспорасы мен ирригенттерінің қалыптасу тарихын бірнеше кезеңге бөледі. /2/

Бірінші кезең – ХҮІ–ХҮІІІ ғасырлар. Бұл кезеңдегі қазақ-ойрат соғысында қазақтың Жетісу, Сырдария, Барлық, т.б. өлкелерін ойраттар жаулап алады. Нәтижесінде қазақтың бір бөлігі Қытай жеріндегі ирригенттерінің пайда болуына әкеліп соғады. Сонымен бірге «ақтабан шұбырынды» салдарынан босқындық күйге ұшыраған қазақтар Ауғанстан, Памирдегі Бадахшан облыстарында өз диаспораларын түзуге мәжбүр болады.

Екінші кезеңде қазақтармен бірігіп, Цинь империясының 1757 жылы Жоңғар мемлекетін біржолата жойып, жерін иемденуімен байланысты бұрын жоңғарлар жаулап алған Орта және Ұлы

жүздің біраз жері елімен қытайлардың қоластында қалады. 1767 жылы Қытайдың үлкен әскеріне қарсылық көрсете білу арқасында қазақтар Алтай мен Іле өңіріндегі кейбір жерлерін қайтарып алады. Бірақ Іле өңірін мекендеген Ұлы жүздің азғантай бөлігі Қытайдың бодандығын мойындауға мәжбүр болады. Ал қалған негізгі бөлігі 1850-жылдары Ресейге қосылғанға дейін өз тәуелсіздігін сақтайды. /1/

Үшінші кезең Ресей мен Қытай арасындағы мемлекеттік келісім құжаттарына қол қойылуымен байланысты бұрынғы біртұтас қазақ жері және оны мекендеушілер екі мемлекетке бөлініп беріліп, қазақтар бодандық бөліске түседі. Сөйтіп, Қытай жерінде қазақ ирреденттері қалыптасады.

1916 жылғы ұлт-азаттық қозғалысы, 1918–1920 жылдарғы Азамат соғысы, 1928–32 жылдарғы кеңес өкіметінің ұжымдастыру науқаны салдарынан көптеген қазақтар көршілес шет елдерге, көпшілігі Қытайға ауып кетуге мәжбүр болады. Мысалы, 1916 жылы Қазақстан мен Қырғызстаннан Құлжа және Қашғарияға ауған босқындар саны 300 мыңға жеткен. Сөйтіп, ондағы ирреденттер саны тағы арта түскен. /1/

Қытай қазақтарының тарихын зерттеуші Н.Мұқаметханұлы қазақ халқының этнотерриториясы кейінгі замандарда ұлы державалар тарапынан бөліске түсіп, қазақ халқының біраз бөліктері өздері отырған жерлерімен басқа елдердің құрамына өтіп кеткендіктерін атап айта келіп, «Ресей қазағы», «Монғол қазағы», (Қытай қазағы) тәрізді ұғымдардың пайда болғандығын көрсетеді. Оның көрсетуінше, «Қытай қазақтары» дегеніміз – Қытай Халық Республикасының азаматтығындағы қазақтар болып табылады. Олардың жалпы саны, 1993 жылғы дерек бойынша, бір миллион тоғыз жүз тоқсан үш мың шамасында. «Қытайдағы қазақтар» немесе «Қытай қазақтары» деген ұғым XIX ғасырдың орта шеніндегі тарихи себептердің салдарынан Қытайда қазақ қауымының пайда болуымен қалыптасқан атау. /59/

Ресей мен Қытай өкіметінің шекара бөлісінде қазақтар бұрын атамекен санап келген жердің едәуір бөлігі Қытайға қарасты болып қалады. Бұған қанағаттанбаған қазақтардың кейбір рулары сол жерлерді қайта иемдену мақсатымен XIX ғасырдың орта кезінен бастап Іле, Алтай аймақтарына қоныстана бастайды. Ол жерлерді бұл кезде бұрынғы ойрат тайпаларынан қалған аздаған қалмақтар, жоңғария хандығы кезінде Қашқариядан жер аударылып келген тараншылар (ұйғырлар), Қытайдың ішкі өлкесінен көшірілген дүңгендер, қытайлар т.б. халықтар мекендейтін еді. Сөйтіп, бұл аймақтың демографиялық құрылымы көп құрамды ерекшеліктерімен көзге түсе бастайды. Осындай

жағдайда қазақтар өздерінің ұлттық ерекшеліктерін сақтап қалу жолын іздестіруге мәжбүр болады. Күн тәртібінде ұлттық тіл мен салт-дәстүрді, өздерінің мұсылманшылығын сақтап қалу қажеттілігі тұрды. Оқыту, білім мен тәрбие беру де осыларға негізделді. Өйткені, тілі, әдет-ғұрпы, діні, қаны бөгде ұлттар арасына сіңісіп, ассимиляцияға ұшырап кетпеу үшін осылай істеуге тура келетін.

Қазір Қытайға қарасты шекаралық жерлерді ерте заманнан бері қазақ рулары мекендеп келгені белгілі. Қытайдың Шыңжаң өлкесіне қазақтардың қоныстана бастауы ХҮІІІ ғасырдың ортасынан басталады. Бірақ кейін Ресей мен Қытай өкіметінің шекара бөлісінде қазақтар бұрын атамекен санап келген жердің едәуір бөлігі Қытайға қарасты болып қалады. Қазақтардың кейбір рулары сол жерлерді қайта иемдену мақсатымен XIX ғасырдың орта кезінен бастап Іле, Алтай аймақтарына қоныстана бастайды. /59/

Ол жерлерді бұл кезде бұрынғы ойрат тайпаларынан қалған аздаған қалмақтар, жоңғария хандығы кезінде Қашқариядан жер аударылып келген тараншылар (ұйғырлар), Қытайдың ішкі өлкесінен көшірілген дүңгендер, қытайлар т.б. халықтар мекендейтін еді. Сөйтіп, аймақтың демографиялық құрылымы көп құрамды күйге түседі. Қытай қазақтары негізінен ҚХР Шыңжаң Ұйғыр автономиялы ауданы Іле Қазақ автономиялы облысына қарасты Іле, Тарбағатай және Алтай аймақтарында шоғырлана орналасқан. Бұдан басқа қазақтардың біраз бөлігі Үрімжі, Шықызы, Күйтін қалаларында, Санжы Хэйзу (Дүнген) автономиялы облысының Мори Қазақ автономиялы ауданында, Құмыл (Хами) аймағының Баркөл Қазақ автономиялы ауданында және Аратүрік (Ийуы шян) аудандарында, Шыңжанның шығысындағы Гансу өлкесі (провинциясының) Ақсай Қазақ автономиялы ауданында мекендейді және біраз қазақ Пекин қаласында тұрады. /2/

Қытайдағы қазақтардың шоғырлы қоныстанған өңірі Тянь-Шань тауының солтүстігі мен батыс аудандары. Бұл жердің шығыс солтүстігі Моңғол мемлекетімен, батысы Қазақстан Республикасымен шекараласады. Іле Қазақ автономиялы облысының жері 350 мың шаршы километр болып, Шыңжанның жалпы көлемінің бестен бірін құрайды. /2/

Осылай, шығыстағы қазақтар отырған жерімен бірге Қытайға тәуелді болады. Осыдан бастап Чиң патшалығы өзінің қарамағындағы қазақтарды шын мәнінде қытайдың азаматы деп санады. Қытай Халық Республикасында қазақ ирреденттері осылай пайда болған.

Зерттеу жұмыстары нәтижесінде, шет елдерде қазақ диаспоралары шоғырлануының саяси-әлеуметтік және тарихи сипаттары төмендегі кестеде бейнеленіп отыр.

Шет елдерде қазақ диаспорасы мен ирреденттері шоғырлануының саяси-әлеуметтік және тарихи сипаттары